

Орал қаласы өкімдігінің ішкі саясат бөлімі
Махамбет Әтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
«Ғылыми зерттеулерді қолдау қоры» жеке қоры



**"АЛАШ ОРДА" ҚОЗҒАЛЫСЫ:
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ
ИДЕЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮҚПАЛЫ"**

**«ДВИЖЕНИЕ "АЛАШ ОРДА":
ВЛИЯНИЕ НА РАЗВИТИЕ ИДЕИ
КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ»**

Орал қаласы, 31 мамыр 2017 жыл

АЛҒАШҚЫ ШЫҒЫСТАНУШЫ, 1-2 МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ДЕПУТАТЫ, АЛАШОРДА ҮКІМЕТИНІҢ БЕЛДІ МУШЕСІ БАҚТЫГЕРЕЙ ҚҰЛМАНОВТЫң ТАРИХИ БЕЙНЕСІ

**Лаззат Сагидоллақызы Нуркеева,
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі**

XIX ғасырдың соны және XX ғасырдың бас кезеңі Қазақ өлкесі мен қазақ халқы үшін түрлі саяси мәселелердің күшеюімен толы болды. Соның ішінде патша үкіметінің қазақ жерлерін «картық, бос» деп танып, оған Ресейдің еуропалық бөлігінен орыс шаруаларын қоныстандыру, жергілікті көшпелі халықтан шұрайлы жерлерді тартып алу үшін қабылданған қаулылар, қазақтардың шөлелйтті аймаққа ығыстырылуы – ұлт-азаттық қозғалыстардың кезекті толқуларына экелді. Осындай қысылтаян уақытта отаршылдық езгісіне түскен халқының мұн-мұқтажын көтере қоғамдық қозғалыстарды басқарған Бақытжан Қаратасев, Әлихан Бекейханов, Мұхамеджан Сералин, Ахмет Байтұрсынов, Ғұмар Қараев, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай сынды бір топ оқыған, көзі ашық қайраткерлердің іргелі мемлекет құрудагы құрес жолы тарихтан белгілі. Олардың арасында ұлт мұддесі үшін қызмет еткен зиялыштардың бірігейі – Бақтыгерей Құлманов болды.

Бақтыгерей Ахметұлы Құлманов 1859 жылы 22 желтоқсанда Астрахан губерниясы, Никольск селосы маңайында (Бекей ордасы, қазіргі Атырау облысы, Құрманғазы ауданы) туған [1,148 б]. Айта кететіні, оның туған жылына байланысты кейбір деректерде 1857 жыл көрсетілген [2.123 б], бұл ескіше жыл санаудан болуы мүмкін. Тегі төре, Кіші жұз ханы Әбілқайыр, Нұралы хан, Есім сұлтаннын тарайды.

1872-1881 жылдары Орынбор ерлер гимназиясында 9 жыл оқып, онда оқыған алғашқы қазақтардың бірі болып 1881 жылы 17 маусымда күміс медальмен бітіріп шықкан [3]. Оқуға зерек, талапты Бақтыгерей Құлманов білім алуды жалғастыру үшін түрмистық қыындықтарды жеңе жүріп 1881 жылы Императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне кабылданады. Дәлірек, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі корындағы №26600B құжаттакөрсетілгенде 1881 жылдың 14 қазан күні университет ректорына жазған өтінішінде өзінің кедей отбасынан екендігін, оқуы үшін Торғай облыстық әскери губерниясынан шәкіртакы сұрап жазған өтініш хаты жауапсыз қалуынан оку ақысын төлетуден босатуды сұраған және бұл әрекетіне себеп болған жағдайы туралы Санкт-Петербург қала басшысы канцеляриясы жазбаша түрде беретінің көрсеткен. 1881 жылы 20 қазандың атаптың канцелярия Бақтыгерей Құлмановтың 21 жаста екендігін, мінезі мен өмірлік ұстанымы жақсы, Красноярк уезінен, анасы аурушаң және басқа да балалары бар кедей малшы отбасынан болғандықтан оқуға төлейтін каражаты жоқтығын растанап жазады. Бұл жерден тиісті мекемелерге өтінішін білдіре «қайтсем де оқимын» деген қазақтың талапты баласының табандылығы бізге үлгі болуы тиіс. Шәкіртакы тағайындалғаны да айта кетсек, әуелгі кезде 150 рубль, содан соң 110 рубль, кейін 300 рубль деңгейінде Ішкі істер бөлімінің Астрахан губерниясынан канцеляриясынан алынғаны құжаттарда көрсетілген [4.149-150бб]. Бақтыгерей студент заң факультетінде 1883 жылдың желтоқсанына дейін өз өтінішімен үш жыл катарынан 1 курста оқыған. Келер жылы тағы да қалуға университет басшылығы рұқсат бермегендіктен 1884 жылы қантар айынан бастап Шығыс тілдері факультетіне ауысады [5]. Сол кезде империя астанасында болып

жатқан саяси толқулар мен өзгерістер бір топ қазақ жастарына өз әсерін тигізеді. Студенттер қозғалысына қатысқаннан болар Бақтыгерей Құлманов оқудан шығарылған екен, бірақ университет ректоры профессор А.Н.Бекетовтың көмегімен кайта алыныпты [6.123 б]. Осы ретте Петербор жоғары оқу орындарының студенттері өздері туған аймақтарына байланысты «Жерлестер» үйімін құрып жатқан шакта Барлыбек Сыртанов, Бақытжан Қаратаев, Мәмбетәлі Сердалин, Бақтыгерей Құлманов, Абдолла Теміров бастаған бір топ студенттер қазақ тарихындағы ең тұнғыш үйіткі болған жастар үйімін құрады [7.] Әуелі зангерлікке түсіп, кейін шығыстанушы мамандығын менгеруге ауысқан Бақтыгерей Құлманов 1888 жылы 9 наурызда №877 дипломын алған шығады. Араб, парсы, осман, татар тілдері және орыс сөздігінен үздік баға алған, Санкт-Петербург университеті ғылыми кенесі шешімімен Бақтыгерей Құлмановқа 1888 жылдың 17 қыркүйегінде жоғары деңгейдегі диссертациялық жұмысы үшін «ғылым кандидаты» дәрежесі берілген. Оқуды аяқтаған Бақтыгерей Құлманов өз мамандығы бойынша Баку қаласында бірнеше жыл қызмет етеді, кейін 1903 жылы туған жері Бөкей Ордасына – Астрахан губерниясына қарапты Қамыс-Самар әкімі болған тағайындалады [8.150 б]. Бақтыгерей әкім өз халқының мұддесі үшін құрескен жан, қызмет жолында жүріп мектептер мен түрлі емдеу пункттерін ашып көбейткен [9]. 1903 жылы Бақтыгерей Құлманов Бөкей Ордасы қазақтары атынан делегацияны бастап Санкт-Петербургке барады, патша үкіметінің қазақ жерлеріне отарлау саясаты мен озырылых әрекеттерін мәселе етіп, шешімін табуды талап етеді. Империялық Ішкі Істер Министрлігінде болған кенеске С.Нұрмұхамедов, С.Жантөрин, Б.Шынтеміровтермен бірге қатысып, үкіметтің жер мәселесін тез арада шешуіне бірнеше ұсыныстар енгізеді [10.150 б].

1905 жылы Ресей империясының I Мемлекеттік Думасына Орта Азия және Қазақстаннан 21 депутатқа орын бөлініп (4%) Астрахан губерниясы қазақтары атынан Бақтыгерей Құлманов сайланады [11.]. Ол қазақ даласынан сайланған ұлт зиялышарымен бірге империялық шовинизм мен саясат үстемдік етіп тұрған кезде де ел намысы мен талан-таражға түскен қазақ жерін қорғау ісіне барынша үлес қосты [12]. Кейін 1907 жылы қантар-ақпан айларында II Мемлекеттік Думаға Орал облысынан Бақытжан Қаратаев, Ақмола облысынан Шәймерден Қосшығұлов, Торғай облысынан Ахмет Бірімжанов, Семей облысынан Темірғали Нұрекенов, Сырдария облысынан Тілеулі Алдабергенов, Астрахан губерниясынан Бақтыгерей Құлманов – мұсылмандар фракциясына, Жетісу облысынан Мұхамеджан Тынышпаев – кадет фракциясына тіркеліп, депутат бол сайланады [13]. Бір топ қазақ тізе біріктіре жүріп зангер Бақытжан Қаратаев отарлаушы үкіметтің саясатын әшкерелеп Дума мінбесінен 1907 жылы 16 мамыр күні құллі империяға мәлімдеді [14.18-1966]. Екі мэрте депутат бол сайлануынан Бақтыгерей Құлмановтың ел ішіндегі беделі мен қадірін көруге болады, Дума мүшелігіне өту үшін орыс тілін білу шарты болғаның да ескергеніміз жөн.

Империялық саясаттың үстемдігі билеп тұрса да ел мен халық үшін жан аямаған Бақтыгерей Құлмановтың қайраткерлік белсенділігі толастамады, ашық құресті. I дүниежүзілік соғысқа араласқан патшалық Ресейдің 1916 жылдың 25 маусым жарлығы Қазақ даласында саяси толқуларға ұласты, қазақтан жігіт алуға қарсы Бақтыгерей Құлманов үн көтеріп, қарсылық білдіруге шақырды. Оған губернатор Соколовскийдің «Бақтыгерей Құлмановтың қазақтар арасынан ақша жинап, даладан жұмысқа алынған жігіттерді босатып алуға Петроград қаласына аттанды» деп жазған мәліметі дәлел. Және 1916 жылы Бөкей жеріндегі көтерілістің үйімдастыруышы болған Сейтқали

Мендешев те өз естеліктерінде Бақтыгерей Құлмановтың қазақтан жігіт беруді тоқтатуды үкімет өкілдеріне мәселе етіп қойғандығын, бірақ Астрахан губернаторы өлкеден жігіт жинау науқаны аяқталғанша Құлмановты Қамыс-Самар болысынан 1917 жылдың акпан-наурыз айларына дейін Ақтөбе облысына жер аударғанын жазады. Ақпан төнкөрісінен соң Бекей Ордасына оралған Бақтыгерей Құлманов халықка монархияның құлап, енді демократиялық өзгерістерге зор мүмкіндік туғаның түсіндіріп, ел ішіне төнкөрістің азаматтық идеяларын таратады [15.151 б]. 1917 жылы сәуір-мамыр айларында облыстық, уездік қазақ съездері өте бастап, Бекей Ордасы қазақтарының басқару жүйесі арнайы съезіне Ф.Мұсағалиев, И.Мендіханов, С.Мендешев, Б.Ниязов, М.Шомбалов, Ш.Бекмұхамбетов есімді зиялыштар қатысып, орталық комитетті сайлаумен қатар Бақтыгерей Құлмановка «Қазақ халқының Астрахан өлкесіндегі комиссары» етіп, билік жүргізуге құқық береді [16]. Төнкөрістен соң орнаған Уақытша Үкіметтің Бекей даласындағы комиссары Подгорский орнынан алғынан, Бақтыгерей Құлмановтың ұсынуымен өлке комиссарлығына зангер Батырхайыр Ниязов тағайындалады. Съездің президиум мүшелері боп: дәрігер Мәжит Шомбалов, Қазан университетінің студенті Шафхат Бекмұхамбетов, хатшылығына: Сейтқали Мендешев, Ғабдулғазиз Мұсағалиев, төрағалығына бірауыздан зангер Уәлітхан Танашев сайланған [17]. Съезд барысында сайланған Орталық комитет Бақтыгерей Құлмановтың басшылығымен сол кездегі өзекті жер мәселесін шешуге тырысады, земстволық басқарушылар құрады, ел ішінде үгіт-насихат жүргізуге «Ұран» газетін шығаруды қолға алады. «Ұран» газеті 1917 жылдың қыркүйегі мен 1918 жылдың мамыр айы аралығында Бекей Ордасында шықкан газет [18.154 б]. Уақытша үкімет тұсында Бекей даласындағы зиялы құштердің қолға саяси өзгерістердің мәні – Қазақ автономиясын құрудағы алғашқы қадамдардың бірі болды. Патша тектан құлаған соң 1917 жылы 15 наурызда Минскідегі қазақ зиялыштары Қазак жерінде демократиялық республика құру мақсатында жолданған телеграммалар қүшімен өткен болыстық, уездік, облыстық съездердің саны 68 болыпты. 1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері Орынбордағы Уақытша үкіметтің Торғай комиссариаты үйінде өткен Жалпықазақ съезінде құрылған Алашорда үкіметінің құрамына мүше боп Бақтыгерей Құлманов енді [19.90 б]. 1917 жылдың 21-28 шілде күндері Орынбордағы Жалпықазақ съезінде Бекей Ордасынан Бақтыгерей Құлманов, Уәлітхан Танашев, Батырхайыр Ниязовтар депутаттар тізіміне енген [20.46-51 бб]. Ал 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен Жалпықазақ съезінде Бақтыгерей Құлманов төраға боп сайланып, Алаш автономиясын дереу жариялау керек деген 33 делегаттың бірі болды [21.64,70 бб]. Съезде «Алаш Орда» министрлері тізімінде де жалпы қазақ атынан 12-ші боп сайланған Бақтыгерей Құлманов еді [22.21 б]. Алашорданың тұратын орны – Семей қаласы деп шешілген соң іске кірісу міндеті қойылады. Ен үлкен шұғыл жұмыстардың бастысы – халық әскерін жасау мен ұлт қазынасына ел ішінен пұл жинау болды. «Алаш Орда үкіметі төрағасы Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Бақтыгерей Құлманов, Тұрағұл Құнанбаев, Міржақып Дулатовтардың Семейге бара жатканы, бірақ Русиядан большевиктік бүліншіліктің кесірі тиіп, бөгет болды» деп жазды Алаш кайраткері, «Бірлік туы» газетінің редакторы Хайретдин Болғанбай [23.14 б]. 1918 жылы Уфа қаласында Алаш басшыларының жиналышында қашықтық пен жол мәселесін ескере елді үкіметтің бір орталықтан басқару киындығынан Алаш Орданың Батыс бөлімшесі құрылышып, басқару құрамына Бақтыгерей Құлманов сайланады.

Жиналыстан елге ауырып оралған абзал жан 1919 жылы Жаңақалада (Батыс Қазақстан облысы) қайтыс болды [24.142 б].

Иман мен парасаттылық күші жетектеген Алаш қайраткерлерінің бірі Бақтыгерей Құлмановтың шығармашылық жұмыспен де айналысқаны белгілі [25], біздің міндептіміз оның қаламынан туындаған туындыларды іздең тауып, ескелен ұрпаққа жеткізу. Откен ғасырдың аласапыран кезеңінде күллі қазақта Тәуелсіздік үмітін жандандырган Алаш арыстарының әділетсіз жүйеге азаматтық қарсылық көрсету үлгісі мәнгі есте қалары анық.

Әдебиет:

- 1.Сүлейменова Д. Батыс Алашорда тарихы. – Орал.: 2011. 148-б
- 2.Ахмедов F. Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. – А.: 1996. 123-б
- 3.https://kk.wikipedia.org/wiki/Бактыгерей_Ахметұлы_Кұлманов26.08.2016
- 4.Сүлейменова Д. Батыс Алашорда тарихы. – Орал.: 2011. 149-150 бб
- 5.<http://el.kz/m/articles/view/content-44892>6.08.2016
- 6.Ахмедов F. Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. – А.: 1996. 123-б
- 7.old.abai.kz/node/890 27.03.2017
- 8.Сүлейменова Д. Батыс Алашорда тарихы. – Орал.: 2011. 150-б
- 9.https://kk.wikipedia.org/wiki/Бактыгерей_Ахметұлы_Кұлманов26.08.2016
- 10.Сүлейменова Д. Батыс Алашорда тарихы. – Орал.: 2011. 148-б
- 11.https://ru.wikipedia.org/wiki/Государственная_дума_Российской_империи_I_созыва12.03.2017
- 12.www.zharar.com/kz/referat/5369-baktygerez.html#read 27.03.2017
- 13.old.abai.kz/node/890 27.03.2017
- 14.Григорьев В.Его не услышали // «Мұрагер», №2. – А.: 1992. 18-19бб
- 15.Сүлейменова Д. Батыс Алашорда тарихы. – Орал.: 2011. 151-б
- 16.<http://www.inform.kz/kaz/article/221161626.08.2016>
- 17.http://gonzo.kz/blog/2642-bokeydegi_tyngish_kazak_ykimet26.08.2016
- 18.Сүлейменова Д. Батыс Алашорда тарихы. – Орал.: 2011. 154-б
- 19.Алашорда: фотоальбом. – А.: 2002. 90-б
- 20.Алаш Орда: Сборник документов/Сост.Н.Мартыненко. – Алма-Ата.: 1992. 46,51 бб
- 21.Сонда. 64,70 бб
- 22.Төлепберген Б. Мәнгі жас – Алаш идеясы:Публицистикалық зерттеулер мен мақалалар. – А.: 2008. 21-б
- 23.Болғанбай Х. Иман күші/құраст.Д.Қамзабекұлы. – А.: 2009. 14-б
- 24.Төлепберген Б. Мәнгі жас – Алаш идеясы:Публицистикалық зерттеулер мен мақалалар. – А.: 2008. 142-б
- 25.http://gonzo.kz/blog/2642-bokeydegi_tyngish_kazak_ykimet26.08.2016